**М.ҚОЗЫБАЕВ АТЫНДАҒЫ СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ**

# АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

***Құрметті білім алушылар мен оқытушылар!***

М. Қозыбаев атындағы СҚУ Жас ғалымдар кеңесі Ғылым департаментімен бірлесіп, жыл сайын М. Қозыбаев атындағы СҚУ жас ғалымдары үшін Басқарма Төрағасы – Ректордың грантына ғылыми жобалар байқауын өткізеді (бұдан әрі – Байқау).

***Байқаудың мақсаты:*** М. Қозыбаев атындағы СҚУ жас ғалымдарының ғылыми-зерттеу қызметін ынталандыру және материалдық көтермелеу.

***Байқауды өткізу жоспары:*** Байқауға қатысушылар smu@ku.edu.kz электрондық мекенжайына келесі құжаттарды ұсынады:

- Байқау Ережесінің 1-қосымшаға сәйкес нысаны бойынша электрондық түрде Байқауға қатысуға өтінім;
- Байқау Ережесінің 2-қосымшаға сәйкес жобаны ресімдеуге қойылатын талаптарға сәйкес ресімделген электронды түрде (pdf форматында) жобаны таныстыру.

Өтінімдер ***2022 жылдың 25 желтоқсанынан бастап 2023 жылдың 7 ақпанына дейін қоса алғанда*** қабылданады.

Байқауға ***40 жасқа дейінгі*** оқытушылар, докторанттар мен магистранттар қатыса алады.

***Байқауды өткізу тәртібі:*** Байқауды ұйымдастырушы **2023 жылдың 10 ақпанында** байқау комиссиясының алдында қатысушылардың жобаларын күндізгі тыңдау рәсімін ұйымдастырады (Байқауға қатысушыларға тыңдау уақыты мен орны туралы барлық өтінімдер өңделгеннен кейін қосымша хабарланатын болады).

Байқау комиссиясы:

- қатысушылардың өтінімдерін қарастырады;
- тыңдау кезінде әрбір өтінімді бағалайды;
- Байқау Ережесінің 2-қосымшасында келтірілген критерийлерге сәйкес Байқау жеңімпаздарын анықтайды.

Жиналған ұпайлардың ең көп сомасы бойынша ***алты*** жеңімпаз анықталады.

Байқау жұмыстарын бағалау критерийлері ақпараттық хатқа 2-қосымшада және конкурс Ережесінде көрсетілген.

Байқау қорытындысын шығару байқау өткізілген күннен бастап ***бес*** жұмыс күнінен кешіктірілмей өткізіледі. Байқауды өткізу нәтижелері бойынша алты жеңімпазға одан әрі ғылыми-зерттеу қызметіне әрқайсысына ***300000 (үш жүз мың) теңге*** мөлшерінде ақшалай гранттар бөлінетін болады.

Қосымша сұрақтар бойынша мына телефонға хабарласуға болады: 87055698255 Петров Павел Анатольевич, ЖҒК төрағасы.

**М. Қозыбаев атындағы СҚУ**
**Жас ғалымдар кеңесі**

***Байқауға қатысу үшін өтінімді ресімдеу үлгісі***

М. Қозыбаев атындағы СҚУ Басқарма Төрағасы – Ректордың грантына ғылыми жобалар Байқауын өткізу туралы Ережеге

*1-қосымша*

**М. Қозыбаев атындағы СҚУ**
**Басқарма Төрағасы – Ректордың**
**грантына ғылыми жобалар**
**Байқауына қатысуға**
**ӨТІНІМ**

| | |
|---|---|
| **Жобаның атауы:** | |
| *Мақсаты:* | |
| *Міндеттері:* | |
| *Қысқаша сипаттамасы:* | |
| **Орындаушының аты-жөні (толық):** | |
| *Факультет, кафедра, мамандық, топ, курс (докторанттар мен магистранттар үшін)* | |
| **Байланыс тел., e-tail** | |
| **Жоба орындаушысының қолы** | |
| **Өтінім берілген күн** | |

М. Қозыбаев атындағы СҚУ Басқарма Төрағасы – Ректордың грантына ғылыми жобалар Байқауын өткізу туралы Ережеге

*2-қосымша*

**Бағалау критерийлері**

| **№ р / с** | **Критерий атауы** | **Ең жоғарғы балл мәні** |
|---|---|---|
| 1 | Өзектілігі | 10 |
| 2 | Зерттелу дәрежесі | 10 |
| 3 | Ғылыми жаңалығы | 10 |
| 4 | Әлеуметтік-экономикалық тиімділігі | 10 |
| 5 | Күтілетін практикалық нәтижелер | 10 |
| 6 | Презентация сапасы | 10 |
| 7 | Материалды меңгеру дәрежесі (қазылар алқасының сұрақтарына жауап сапасы) | 10 |
| **Барлығы** | | **70** |